

сөйлемнің ерекше түрі [4, 182] Атаулы сөйлемдерде экспрессияны біз негізінен интонация, тыныс белгілері арқылы ажыратамыз. Мысалы: *Сүттей жарық айлы түн. Таң әлі жоқ* (М.Әуезов). Осы мысалдағы сөйлем *Сүттей жарық айлы түнде таң әлі жоқ* деп берілсе, бұл сөйлемнен экспрессиядан гөрі тек хабар беру мақсаты байқалады. Келтірілген мысалдағы атаулы сөйлемді бір сөйлемге біріктіріп көрсек (*Сүттей жарық айлы түнде таң әлі жоқ*), ондай сөйлемде экспрессия болмайды. Біз тек ақпар беру мақсатындағы хабарлы сөйлемді, яғни экспрессия жоқ сөйлемді байқаймыз. Ал дәл осы сөйлемді бөліп, парцеляция түрінде беріп көрсек, парцеляцияға айрықша екпін түсіп, онда ақпармен бірге бейнелілік, яғни экспрессия беріледі. Анығырақ айтсақ, мысалдағы сөйлемді атаулы сөйлем (*Сүттей жарық айлы түн. Таң әлі жоқ*) ретінде қолданып жеке алсақ, оның бейнелеуіш қызметі, экспрессиясы айқын көрінеді. Атаулы сөйлем ретінде қолданылғанда жеке бөлшек, парцеляциядағы берілген ақпардың бейнесі бірден көзге түсіп, сөйлемнің экспрессиясы беріледі.

Жоғарыда айтылғандарды зерделей отыра, мынандай тұжырым жасауға болады:

Атаулы сөйлем деп затты, құбылысты атай отырып, болмысты білдіру, хабар беру, сонымен қатар құбылысты бейнелі етіп суретту функциясында қолданылатын мүшеленбейтін сөйлемнің түрін айтамыз. Атаулы сөйлемнің негізгі белгілері мыналар:

құрамы бір сөзден немесе сөз тіркестерінен жасалып, атау тұлғасында келеді;

құрамындағы тірек сөздері бастауышқа да, баяндауышқа да сай емес, яғни тұрлаулы мүшелерге талданбайды;

атаулы сөйлем өзінен кейін міндетті түрде мазмұнын ашатындай басқа сөйлемдердің келуін талап етеді, яғни контекстке тәуелді;

өзіне тән хабарлау, сонымен бірге лепті интонацияға ие болып, айтылуында дауыс ырғағында өзгешелік сезіліп, сөйлемдегі экспрессияны білдіре алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. – Алматы: Ғылым, 1967. – 234 б.
2. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. 784 б.
3. Мадина Ғ. Номинатив сөйлем // Қазақстан мектебі. — 1973. — № 2. — 91-б.
4. Жақыпов Ж.А. Контекстуалдық синтаксис. Монография. – Нұр-сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2021. – 284 б.
5. Төлегенов О. Жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. — Алматы: Мектеп, 1968. — 169 б.
6. Майорова Л.Е. Именительный представления и именительный темы как явления экспрессивного синтаксиса. — Л., 1984. — С. 9–19.
7. Адмони В.Г. О двусоставности предложения // УЗ I ЛШИИЯ. Вопросы грамматики и лексикологии. — Л., — Вып. 2. — С. 147.
8. Масалитин В.В. «Именительный представления» и номинативные предложения // Вестн. ҚазНУ. — Сер. филол. — 2004. — № 3 (75). — С. 114

ӘОЖ 14.12.9

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сексенбай Жансая Мырзағалиқызы

jansaya.seksenbay@gmail.com

Әдебиетті өнер деп қарастырсақ, оны оқытудың басты мақсаты – оқушыны сөз өнеріне баулу. Көркем шығарма оқушының эстетикалық талғамы мен әсерлену қабілетін дамытуға, ішкі сезімдерін идентификациялап, түсінуге ықпал етеді. Сонымен қатар, жас ұрпақтың бойына құндылықтарды дарытып, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда да әдебиеттің рөлі зор.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістерді зерделей отырып, әдебиеттің осы негізгі мақсаттары мен функцияларына қоса идеологиялық, тарихилық сипат алып бара жатқанын байқаймыз. Орта мектептерде бүгінгі күні әдебиетті оқытудың біршама өзекті мәселелері шешімін күтуде. Ең басты мәселенің бірі әдебиетті оқытудың мақсаты. Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесін жасауда іргелі еңбек еткен ғалым Қ.Бітібаева қазақ әдебиетін оқытудың мақсатын былай анықтайды: «... *әдебиетті оқытудың басты мақсаты – сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы – әдебиетті жан-жақты игерту, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, сұлулыққа тәрбиелеу*» [1;72]. Біз бұл анықтамадан жасанды интеллект дәуірінде кері кетіп бара жатқан рухани байлық ұғымына назар аударуымыз қажет. Тұлғаны рухани байыту үшін әдебиеттің ішкі мазмұны алға шығады. Бұл мәселелер төңірегінде заңды сұрақтар туындайды. Оқыту мақсатымызға білім беру мазмұны шақ па? Әдебиетті оқытудың мақсатына жетуге қалыптасқан әдіс-тәсілдер мүмкіндік бере ме? Әдебиетті оқыту бағдарламалары оқушының жас ерекшелігі, ақпаратты қабылдау ерекшелігін негізге ала ма? Рет-ретімен тоқталып қарастырайық.

Білім беру жүйесінде оқытудың жаңа моделін қалыптастыруда жаңартылған білім мазмұнының алар орны ерекше. Жаңартылған білім беру бағдарламасы жалпылай алғанда оқушыны заманауи білім парадигмасына сай оқытып, икемді дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Осы бағдарламаның аясында жетілдіруді, әлі де талқылауды қажет ететін пәннің бірі – қазақ әдебиеті. ҚР БҒМ 2017 жылғы №545 бұйрығымен (3-қосымша) бектіліген негізгі білім беру деңгейінің 5-9- сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау деп көрсетілген. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларға жанрларды меңгерту. Оқушының өмірде жағдаяттарды шеше алуына, өз ойын жеткізе алуына қажет дағдылар деп білеміз. Осы жерде мақаламызда атап өткен сөз өнері, сұлулыққа баулу және рухани байыту туралы ешқандай әңгіме жоқ. Біздің пайымдауымызша әдебиеттің негізгі мақсаты ескерілмей қалған. Бұл бір мәселенің, соның ішінде ең маңызды мәселенің шеті деп топшылаймыз.

Бағдарламаның мазмұнына бойлай келе келесі бір мәселені байқаймыз. Халықтың рухани байлығын танытатын, оқушының тұлғалық болмысын қалыптастыратын біршама көркем шығармалар бағдарламадан қысқарып, аса бір салмағы жоқ шығармалар қосылған. ҚР БҒМ 2013 жылғы №115 бұйрығымен бектіліген негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9- сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен типтік оқу бағдарламасындағы алаш кезеңі әдебиетіне берілген тақырыптар мен сағат санына шолу жасап көрейік. Алаш кезеңі әдебиетін тандаған себебіміз ұлттық сана-сезімді оятатын және классикалық шығармалар осы кезеңде көптеп жарық көрді. Әрі қазақ әдебиеті тарихында әдебиеттің теориясы, тарихы, сыны сияқты мәселе де алғаш осы кезеңде дами бастады. Бағдарламаға оралсақ, ескі бағдарламада 5 және 9-сыныптарда әдебиетті оқытуға барлығы 102 сағат бөлінсе, 6,7,8-сыныптарда барлығы 68 сағат бөлінген. Әр сынып

бойынша жалпы сағат саны мен алаш кезеңі әдебиетіне жататын тақырыптардың көлемін кестеге толықтырдық. (1-кесте)

Сынып	Жалпы сағат саны	Алаш кезеңі әдебиетін оқытуға бөлінген сағат саны	Тақырыптар
5	102	11	Мысал өлеңдер (2 с). А.Байтұрсынұлының өмірі, шығармашылығы. «Өгіз бен бақа», «Егіннің бастары» мысалдары. Астарлау.
			С.Торайғыров. «Шілде» өлеңі (1 с). Суретті сөз туралы түсінік.
			М.Жұмабаев. «Қысқы жолда», «Сағындым», «Балалық шақ» өлеңдері (2 с). Лирика жанры.
			С.Сейфуллин. «Ақсақ киік» өлеңі (2 с). Эпитет, тенеу.
			Ілияс Жансүгіров. «Күй» поэмасы (үзінді) (2 с). Өлең ұйқасы туралы түсінік.
			Мұхтар Әуезов. «Ақын қонақтар» («Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді) (2 с). Портрет туралы ұғым.
6	68	13	Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Адамдық борышың» өлеңі (1 с). Өлең құрылысындағы жаңалық (ұйқас, буын, тармақ өлшемі)
			Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Шығамын тірі болсам адам болып», «Мен қазақ» өлеңдері (1 с). Лирикалық қаһарман.
			Ахмет Байтұрсынұлы. «Қара бұлт», «Анама хат» өлеңдері (1 с). Астарлау.
			Мағжан Жұмабаев. «Мен кім?», «Қазақ тілі» өлеңдері (1 с). Әдебиет теориясы: метафоралық шендестірулер.
			Сәбит Дөнентаев. «Заман кімдікі?», «Бозторғай», «Ой» фельетондары (2 с). Аллегория, сатира туралы ұғымдарды кеңейту
			Сәкен Сейфуллин. «Далада» (арнау өлең) (1 с). Дамыта суреттеу.
			Бейімбет Майлин. «Түйебай» әңгімесі (2 с). Әңгіме туралы түсінікті дамыту.
			Ілияс Жансүгіров. «Анам тілі», «Домбыра» өлеңдері (1 с). Градация.
			Мұхтар Әуезов. «Біржан сал Абай ауылында» («Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді) (3 с). Типтік образ туралы.
			7

			туралы ұғымды кеңейту. Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Бір адамға», «Шәкірт ойы» өлеңдері (2 с). Ирония, сатира туралы ұғым. Жүсіпбек Аймауытұлы. «Әнші» әңгімесі, «Күн менікі(3 с). Әңгіме жанры туралы ұғымды кеңейту. Мағжан Жұмабаев. «Сүйемін», «Толқын» өлеңдері (2 с). Өлең құрылысы. Сәкен Сейфуллин. «Сыр сандық», «Біздің жақта» өлеңдері (2 с). Ілияс Жансүгіров. «Әнші», «Арынды менің Ақсуым», «Бөбек бөлеу» өлеңдері (2 с). Мұхтар Әуезов. «Көксерек» әңгімесі (үзінді) (3 с). Тақырып және идея туралы ұғымды дамыту.
8	68	11	Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Қалқаман-Мамыр» поэмасы (3 с). Образ туралы. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы. «Адамдық іс», «Арқанның ауруы не, қозбайтұғын» өлеңдері (1 с). Өлеңдегі ырғақ. Мағжан Жұмабаев. «Түркістан» өлеңі, «Батыр Баян» поэмасы (3 с). Поэма жанры Міржақып Дулатұлы. «Шешенің балаларын сүйюі» өлеңі (1 с). Мұхтар Әуезов. «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі (үзінді) (3 с).
9	102	18	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне шолу (2 с). Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Таныстыру» поэмасы, «Алаш ұраны» өлеңі (2 с). Арнау. 1917-1956 жылдардағы қазақ әдебиетіне шолу (2 с). Жүсіпбек Аймауытов. «Қартқожа» романы (3 с). Қара өлең. Мағжан Жұмабаев (2 с). Силлабикалық өлең жүйесі Ілияс Жансүгіров. «Күйші» поэмасы (үзінді) (2 с). Өлеңдегі буын мен бунақ. Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы (үзінді) (5 с). Кең көлемді эпикалық жанр.

1-кесте

Салыстырмалы талдау үшін келесі кезеңте ҚР БҒМ 2017 жылғы №545 бұйрығымен (3-қосымша) бекітілген негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы алаш кезеңі әдебиетіне берілген тақырыптар мен сағат санына шолу жасадық. (2-кесте) Жаңа бағдарламада 8 және 9-сыныптарда әдебиетті оқытуға барлығы 102 сағат бөлінсе, 5,6,7-сыныптарда барлығы 68 сағат бөлінген. Сағат саны бойынша 8-сынып пен 5-сыныпта өзгеріс бар. 8-сыныпта сағат саны көбейсе, 5-сыныпта азайған. Жаңартылған бағдарламаның ерекшелігі сол – мұнда тоқсандағы бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылған. Бағдарламада "оқыту мақсаттары" сан мен әріптен тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық

белгідегі бірінші сан сыныпты, әріппен берілген белгі дағдыны (түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстыру), әріппен қоса берілетін сандар бөлімшедегі оқыту мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.2 кодында: "7" – сынып, "2.1." – бөлім мен бөлімше, "2" – оқыту мақсатының реттік саны. Пән бойынша оқу мақсаттарын тақырыптармен ұштастыру мұғалімнің құзырына берілген. 2013 жылы қабылданған бағдарламада әдебиет теориясы мен тілдік бағдар тағы да басқа қосымша дағдылар мәтін күйінде қосымша болып берілсе, бұл бағдарламада оқу мақсаттары арқылы ұсынылған.

Сынып	Жалпы сағат саны	Алаш кезеңі әдебиетін оқытуға бөлінген сағат саны	Тақырыптар
5	68		Ахмет Байтұрсынұлы "Егіннің бастары" мысалы, "Адамдық диқаншысы" өлеңі
6	68		С. Торайғыров "Шығамын тірі болсам адам болып", "Шәкірт ойы" өлеңдері
7	68		М. Жұмабаев "Батыр Баян" М. Әуезов "Көксерек";
8	68		Ш. Құдайбердіұлы "Еңлік- Кебек" дастаны, "Жастарға" өлеңі М. Дулатов "Бақытсыз Жамал" романы
9	102		І. Жансүгіров "Құлагер" поэмасы Б. Майлин "Шұғаның белгісі" хикаят

2-кесте

Жаңартылған білім беру мазмұнына қарап, тұлғаға бағытталған білім беру мен ізгілендіру парадигмаларының кейінгі орынға еріксіз ысырылғанын байқауға болады. Әсіресе алаш кезеңі әдебиетінің білім мазмұны шорт кесілген. Әр параллель бойынша әрі кетсе 2 тақырып қана ұсншылып отыр. Ұсынылған шығармалардың жас ерекшелігіне сәйкестігі мен басқа материалдармен ықпалдастығы да пән мұғалімдері мен әдістемеші ғалымдарды ойландыратын бөлек мәселе.

Өткен ғасырда мектепте ана тілін оқытумен қатар ана тілінің әдебиетін оқыту шарты тұрғанда жазылған «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбегінде Мұхтар Әуезов былай дейді: *«Әдебиет мектеп ішіндегі оқушының ақыл, сезімін тәрбиелеп, қалыптап жетілдіруден басқа сол оқушыға қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгіндегі пішінін танытуға керек»* [4;6]. Ғалымның пікірі бір ғасырдан кейін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Әсіресе жаһандану мемлекеттер мен ұлттар арасындағы шекараны сызып жатқан уақытта ұлттық әдебиетті тиісті оқытуға ден қою керек.

Жыл басында Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің съездінде осы мәселенің білім және ғылым министрінің талқылауымен өткен жиында көтерілгені құптайтын жағдай. Министр бағдарламаның міндетті түрде жаңартылатынын атап өтті. Ендігі міндет әдістемеші ғалымдар мен практик ұстаздардың алдында тұр. Жоғарыда зерделенген мәселенің барлығы да зерттеуге алынып, ұсыныстардың ескерілуі үшін жасалып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бітібаева Қ.О. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы // 5-11-сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал. Екінші кітап. – Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2012, 312 б.
2. ҚР БҒМ 2017 жылғы №545 бұйрығымен (3-қосымша) бектіліген негізгі білім беру деңгейінің 5-9- сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
3. ҚР БҒМ 2013 жылғы №115 бұйрығымен бектіліген негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9- сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен типтік оқу бағдарламасы.
4. Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 4-т. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001, 456 б.

ӘОЖ 17.12.8

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТАТАР МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ: ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ҮНДЕСТІК

Таштан Әсел Бақытжанқызы

t_asel_b@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Р. Кемеңгер

Түбі бір түркі халықтарының тілі, діні, дәстүрі, мәдениеті сонымен қатар әдебиеті де бір-біріне өте ұқсас. О баста бір аймақты мекендеген тайпалар кейіннен тарихи жағдайларға байланысты өздерінің географиялық аумақтарын бекітіп, жеке-жеке ел болды, өз алдына мемлекет болды. Дербес мемлекет, дербес ұлт болғанымен олардың түбі бір екендігін дәлелдейтін салт-дәстүрі, әдебиеті, мәдениеті бар. Олай болса екі елдің жасаған ауыз әдебиетіне, соның ішінде мақал-мәтелдерге айрықша тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Қазақ халық ауыз әдебиетінің ең кіші жанрларының бірі саналатын мақал-мәтелдердің жиналып, зерттелу мәселелерінің ең басында Ш. Уәлиханов тұрды. Оның «Үлкен орданың мәтелдері» атты қолжазбасында қазақтың 33 мақал-мәтелі кездеседі. Сонымен қатар, «Таңдамалы шығармалар» еңбегінде жинақталған мақал-мәтелдердің біразы жүйеленіп берілген [1, 48].

Мақал-мәтелдерді жинастыру ісінде құрастырылған еңбектердің қатарында Ы.Алтынсариннің 1879 жылы жарық көрген «Қырғыз хрестоматиясы» еңбегінің орны айрықша. Еңбекте қазақ мақал-мәтелдері жүйелі түрде және ең таңдаулы түрлері жарияланды [2].

Сонымен бірге, халық ауыз әдебиетін жинап, жариялаумен айналысқан тұлғалар қатарына Т.А. Мелиоранский, Ә. Диваев, В.В. Катаринский сынды зерттеушілерді жатқызуға болады. В.В. Катаринскийдің 1899 жылы Орынборда жарық көрген еңбегі. Бұл еңбекте қазақ мақал-мәтелдері топтастырылып, 1500-ге жуық нұсқасы берілген [3]. Бұдан бөлек көптеген ғалымдар мақал-мәтелдерді зерттеумен шұғылданды.

Қазақ мақал-мәтелдерінің жинақ боп басылған еңбектері Б. Адамбаев, М. Әлімбаев, Ө.Тұрманжанов сынды тұлғалардың құрастыруымен шықты.

Татар халық ауыз әдебиетінде қазақ халқының ауыз әдебиеті сияқты барлық жанрлар кездеседі және халық мұраларына өте бай. Бұл халықтың ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап, құрастырушылардың қатарында Х. Бадигиді айтамыз. Ол татар халық мұраларын жинақтап, зерттеу ісімен бірнеше жылдар бойы шұғылданды. Нәтижесінде 1912 жылы халық шығармаларының ең алғашқы «Мәкәльлар» атты жинағы жарық көрді. Бұл еңбектің